

Жалпыреспубликалық «Адалдық сағаты» акциясы аясында

өткізілген іс-шаралар бойынша

АҚПАРАТ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің іс-шаралар жоспарына сәйкес 8-18 ақпан аралығында жалпыреспубликалық «Адалдық сағаты» акциясы ұйымдастырылды. «Адалдық сағаттың» тақырыбы-Мұқағали Мақатев-мәңгілік ғұмыр».

Биыл 9 ақпан күні жыр мұзбалағы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толды.

Мақатаевтың шығармашылығы қазақ поэзиясының алтын қоры болып табылады. ХХ ғасырдың бірінші жартысында дүниеге келген, рухы мен бар бітімімен халықтың қайнар көзін сіңірген дарын өз халқының ең сүйікті ақыны болды.

Осы акция аясында біздің мектебімізде де адалдық сағаттары өтті. Мақсаты:оқушыларды адалдыққа, тазалыққа, мейірімді болуға, жас ұрпақты Отанды сүйуге, туған жерді қадірлеуге, ана тілін ардақтауға шақыратын ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері арқылы оқушылардың бойына патриоттық сезім қалыптастыру. «Адалдық сағаты» 8 «А» сыныпта (Мұрат А.А.), 8 «В» сыныпта (Қасымбек М.Е.), 9 «Д» сыныпта (Таттыгожина А.К.), өтті.

https://www.instagram.com/p/CLY_OKun0KW/?igshid=1piwf4318s9zm

<https://www.instagram.com/p/CLY288unEVA/?igshid=zqf85xnq5271>

<https://www.instagram.com/tv/CLYwQ2ZHfHL/?igshid=1fts6prq43tyb>

Онлайн-сабақ барысында оқушылар ақынның патриоттық өлеңдерімен танысты. Ақын шығармашылығында Отан мен туған табиғат тақырыбы маңызды орын алады. Өз шығармаларында ол адам Отансыз өмір сүре алмайтынын айтты. Отансыз адамды ормансыз құсқа теңеді.

Туған халқын жырламаған ақын жоқ шығар. Ал Мұқағали ағамыздың халқына деген перзенттік махаббаты әр өлеңінде керемет суреттелген. Сондай-ақ, «Адалдық сағатында» ақын шығармашылығы арқылы патриотизм мен жеке бастың қадір-қасиеті туралы ойлар айтылды. Мұқағали Мақатаев қазіргі қазақ поэзиясын жаңа көркемдік деңгейге көтерді.

16-22 ақпан аралығында өткен кезекті «Адалдық сағаты» қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы ғалым, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсаринге арналды. Тақырыбы: «Ыбырай Алтынсарин-ұлы дала ағартушысы». Қазақ даласында білімнің шырағын жаққан Ыбырай Алтынсарин бар ғұмырын қазақ балаларын оқыту жолында өткізген. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, ана тілімізде оқулық жазған. Ұлт ұстазы біздің тарихымызда өшпес із қалдырды. Оның арманы – халықтың гүлденген болашағына нық сеніммен қарайтын білімді жастар болды.

Ыбырай Алтынсаринге арналған «адалдық сағаты» 4 «Б» (Әнуарбек Ж.А.), 4 «Г» (Сафурина Г.А.), 5 «Е» (Искендірова М.Б.), 7 «А» (Бекен Ж.А.) сыныптарда өтті. Мақсаты: Оқушыларды Ы.Алтынсариннің өнегелі өлеңдері мен әңгімелерінен үлгі алуға, еліне, халқына, ұлы тұлғаларға деген сүйіспеншілігін арттыру.

<https://www.instagram.com/p/CLdrnOqner0/?igshid=1netwhk6bcrcm>

https://www.instagram.com/p/CLdtTBwHk_d/?igshid=e7ve7tfnl9zh

<https://www.instagram.com/p/CLlAFopHs7L/?igshid=mn3qilnset3>

https://www.instagram.com/p/CLlU_IVnyB8/?igshid=17zxcgp0u5crv

23 ақпан-1 наурыз аралығында өткен «Адалдық сағатының» тақырыбы: «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әділдік философиясы». Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ классикалық әдебиетінде ұлы Абай қалыптастырған көркемдік дәстүрлерді байытып жалғастырушы суреткер. Ол өз заманының ең мәнді, көкейкесті мәселелерін көтеріп, өзінің көркем қолтаңбасын, қоғам мен адам өміріндегі алуан шындықтар көрінісін шығармаларына арқау етті. «Адалдық сағатын» өткізген сыныптар:

7 «В» (Иманбаева С.Ш.), 5 «Д» (Балғожа З.Р.), 3 «А» (Муханбетжанова А.Ж.).

<https://www.instagram.com/p/CLs9srAnzFz/?igshid=1bu7zdv62khr8>

<https://www.instagram.com/p/CLsvtqwHvHw/?igshid=sqc61uwwkzrr>

<https://www.instagram.com/p/CLstTTeHFEk/?igshid=1ttr22483w49z>

